

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 259 – 262

STORY PROBLEMATICS OF SERIK ASYLBEKULY**G.Zh.Orda¹, A.M. Akhmetova²**¹D.Phil., Associate Professor, Chief researcher at the Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov;²Master of humanities, junior researcher at the Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov**Keywords:** imaginative literature, story, writer, independence, plot, character, idea, subject.

Abstract: In this article the authors make analysis for Serik Asylbekuly literary stories: «Father», «Unburden oneself», «Fleeting happiness» which were not previously object of study. To analyze this article authors use comparison, scientific systematization and artistic techniques and try to reveal the image of the personages. Along with this it was considered the problems raised by the writer in the article which was published in the period of Independence. It was revealed ideological substantial features and the writer's new article quest on small genre.

ӘОЖ: 821.512.122-3

СЕРИК АСЫЛБЕКҰЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ПРОБЛЕМАТИКАСЫ**Г.Ж. Орда¹, А.М. Ахметова²**¹М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының докторы;²М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкери, гуманитарлық ғылымдар магистрі**Түйін сөздер:** көркем әдебиет, әңгіме, жазушы, тәуелсіздік, сюжет, кейіпкер, идея, тақырып.

Аннотация. Бұл мақалада авторлар бұған дейін зерттеу объектісіне айналмаған жазушы Серік Асылбекұлының «Әке», «Шер тарқату», «Дүние жарты» әңгімелеріне әдебиеттандырылған талдаулар жасаған. Талдау барысында қолданылған салыстыру, ғылыми жүйелдеу, көркемдік әдістер арқылы әңгімеге кейіпкерлер бейнесін жан-жақты ашуға тырысқан. Сонымен қатар, тәуелсіздік кезеңде жарық көрген әңгіменің көтерген мәселесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері анылышы, қаламгердің шағын жанрдағы көркемдік жаңашыл ізденистері қарастырылған.

Жазушы, драматург Серік Асылбекұлы қазақ әдебиеті тарихындағы көлемді прозасы мен драматургия жанрындағы сәнбектерін сөз етпегендеге «Әдебиет пәннін оқытушысы», «Мұғалімдер күні», «Атажүртта», «Қарашадағы үйлену тойы», «Назконыр», «Орайы келген іс», «Мейман», «Бакыт», «Бүкіләлемдік тартылыс заны», «Ыза», «Тұнгі қаланың әні», «Әх, Россия», «Алтыбакан» т.б. әңгімелерімен өткен гасырдың соңғы ширегіндегі қазақ прозасының даму көкжиегін көңейткені даусыз. 1997 жылы «Мұғалімдер күні» повестер мен әңгімелер кітабы үшін Қазақстан Жазушылар сыйлығын иеленген жазушының қазақ әдебиетінің «алтын гасыры» атанған осы кезеңде де бірқатар әңгімелері жарық көрү үстінде.

Соңғы жылдары театр саҳнасында қойылып, көпшіліктің ықыласына бөлениген «Ребиганың махаббаты», «Желтоқсан желі», «Күзгі роман», «Империядағы кеш» аталатын спектакльдерімен танымал бола бастаган С.Асылбекұлы прозаның шағын жанрынан да қол узе қоймапты. 2008 жылы жарық көрген екітомдық шыгармалар жинағының 2-томына бұрынғы прозалық туындыларымен бірге, 1990 жылдардан бері қарай жазылған «Әке» (1991), «Шер тарқату» (2000) әңгімелері кірсе, «Қазақ әдебиеті» газетінің онынши санында «Дүние жарты» аталағын автобиографиялық әңгімесі жарияланды.

Жазушының осыған дейінгі қаламынан туган прозалық туындыларының негізгі тақырыбы – ауыл өмірі, басты кейіпкерлері – ауыл адамдары және олардың қым-қигаш тағдыры туындыларының негізгі желісін құраған еді. Мұның себебін С.Асылбекұлы өзінің балалық балғын доурені ауылдың қызылқұмында өткендейгімен байланыстырады.

– Балалық балдаурен шағым, он сегіз жасыма дейін, Алматыга келіп жогары оку орнына түскенше ауылда өтті. Адам баласының бала кездегі көрген-білгені, басынан өткергені ақ қағазға түскен мөр сиякты, өшпестей сақталып қалады. Баланың ойы да, сезімі де балғын. Балалық шақ – мениң ең алғашқы ортам. ... Балалық шақтағы Сырдың бойына мініп барған аттарды жуындырганым, су бетіндегі ай сөүлесінің дірлі,

жылқының пысқырғаны, анамның соңымнан үйге қайтуымды өтініп, дауыстап шақырғаны, осы көріністің бәрі күні кешегідей есімде сақталып қалыпты. ... Бұдан елу жыл бұрын көрген оқиғалар сол қалыңда көз алдында мөлдіреп тұрады. Ауыл – менің алғашқы отаным. Бүкіл қазақ ауылдан шыққан. Осы қалада туған балалардың өздерінің ата-анасы ауылдан келген. Біз, қазақтар, о баста ауылдан шықтық, далалықпаз. Біздің тегімізде ата-бабамыздың қаны қайнап жатады. Ауыл – қазақ халқының түп тамыр неғізі. Сол неғізден қайда ұзап кетеміз? Сол неғізге тартамыз да тұрамыз, – дейді «Алматы ақшамы» газетіндегі сұхбатында (<http://almaty-akshamy.kz>).

Жазушының осыған дейінгі көп әңгімелерінде көркемдік панорамасын құрайтын ауыл, ауылдың қоныр тірлігі, дүние тіршілігінен бейхабар қарапайым шаруалар өмірі, колхоз, совхоз тынысы, ондағы жұмысшылар бейнесі, отбасы, ошак қасындағы күйкі тіршілік, жандя мушелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы сиякты желілі сюжеттер құрағандығын жоғарыда атап еттік және бұл соңғы әңгімелерінде де жалғасын тапқан деуғе неғіз бар.

«Шер тарқату» әңгімесі. 1991 жылы шын мәнісінде азаттыққа қолымыз жетіп, бақытты сәтті сезінгенімізben, бірақ елдің өмір сүру жағдайы қынданай түсіп еді. Осы жылдардың ішінде экономикалық қыншылықтарға байланысты ауылды жерлердеңі колхоздар мен совхоздар тараپ, ауыл халқы құнқөріс қамымен қалаға ағылды. Халықтың көбісі мал өсіріп, еғін еккенин ғөрі қалада саудамен айналысып, тіршілік кешуғе мәжбүр болды. Автордың бұл әңгімесіне халықтың аумалы-төкпелі кезеңдері осынау ауыр жағдайы неғіз болған. Басты кейіпкер Көмекбайдың алажаzdай тынбай қауын-карбыз, картоп еғіп, күзде жиып-теріп кооперативке өткізіп, ақшасын енді қолға алуды үміт етіп отырғанда тиесілі ақшасынан 15 мыңға қолына тиеді. Шаруаның есептеуі бойынша 80 мың болатын табысының 15 мыңынан басқасын мекеменің есепшісі мен Ниетәлі қызметкер екеуі жымқырып қалған. Осыған дейін жерден-жерге көшіп жүріп, ақыры тұған ағайындарымның ортасы деп осы «Кентүпті» паналап келген Көмекбай бұл орыннан да опа таптай, көшпекке бел будады. Осыны айтуға асырып үйге кіргенде қыстың да келіп қалғанын алға тартып әйел Үрысты ыңғай бермеғенін кейін, амал жоқ, отағасы да інштей үнсіз әйелімен келіскең сыңай танытады. Көмекбай әйелінің қазанға салған тамағын кешке дейін күтіп отырғанды жән көрмей көшеге шықты, нақтырағы, бойын құрса алған ауыр мұндан арылғысы келді. Арылудың бір ғана жолы – араппен «емделу». Дүкенін сатып алған бойда «бір жартыны» қойына сунғайтіп жіберген Көмекбай енді шер тарқататып отырып ішетін серік керектігін түсінеді. Бұл жағдайда көршісі Ермекті дұрыс көріп, соның үйіне аяңдайды. Автордың Ермегі де бұрынғы тракторшылығын «ауылға капитализммен бірғе ере келген жаңа кәсіптің бірі – металл сынықтарын жинаудың агент «қызметіне» ауыстырып, ауқаттылардың қатарына косылғаннан бері бұрынғыдай аяқасты шыққан шаруага елнілдей кетпейтін жағдайға жеткен.

– Осы жүрттың ойына қайдағы жоқ қайдан түседі? – деп ойлады Көмекбай жолшыбай келе жатып. – Сол металл сынықтарын жинау о баста менің басыма не ғып келмеген? Өйткенде қазірғідей ана Ниетәлі арамға пенде болып жүрмес едім-ау... [1.230].

Осы жолдардан-ак автордың 90 жылдардың басындағы қындықтарды мензеп отырғанын анық байқаймыз. Құнқөріске ақша таптай қиналған адамдар электр бағандарындағы алюминий сымдарды қылп алып, металл сынықтарын теріп өткізіп, ақша табуға көшкен еді. Ананы-мынаны айтып, сылтау тапқан Ермек те ермей қалды. Қөшениң бойындағы Әлайдарды үйіне барып үтітегенімен, одан да түк шықлады. Ақыры достардың келмегеніне қапаланған Көмекбай сатып алған «жартысын» жалғыз отырып ішуге мая шөптің үстін ыңғайлы көрді.

Біраз уақыттан кейін арақтың уыты бойына тараپ, жаны жадырап сала бергенде өткен оқиғалар тізбегі көз алдына келе бастады. Қөліктің шығынына кетті, салыққа кетті деп ақшасын жеп қойған Ниетәлі мен бухгалтердің алдап соққаны есіне түсті, құрдас-құрдас деп ісі түскенде қасынан шықпайтын Ермек пен Әлайдардың аздал сыр бөлісүге жарамағынына нальды, не керек бәріп өкпесі кара қазандай. Өз казағының осындай теріс мінездері қажытқанда неғе орыс боп тұмадым, неғе неміс боп тұмадым деп күйінді Көмекбай, осы күнде ауылынан көшіп кеткен ағайынды Элихтар секілді мен де жегенім – алдында, жемегенім – артымда, Германияда бақытты өмір сүрер едім деп армандады.

Автор бұл әңгімессімен спиртті ішімдікті насиҳаттап отырған жоқ. Кейіпкерін масаң қойға түсіріп қойып, жүрек түбіндегі шерін тарқатты, көкейіндеңі маза бермеғен жауапсыз сауалдарын оқырманына жолдады. Әңгіме кейіпкері Көмекбай орыс, неміс болған көршілеріне риза болып отырып, қазақ ұлтының бойындағы жақсы қасиеттері мен жаманды мінездерін салыстыра отырып, қанша ғасыр озса да бойынан арыла қоймағандығына налиды.

– Оның бәрін былай койшы, неміс елінде салтанат құрган әділет пен тәртіпті айтпаймысың?! Сабаддардың кісі ақысын жесу, өтірік айту, алдау-арбау десендер ойларына түғіл түстеріне де кіріп шықпайды ғой. XXI ғасырдың табалдарының аттаса да баяғы былық-шылығынан арыла алмай-ақ қойған мына біздер, қазақтар ғана емеспіз бе?! [1.237]. Екі ғасыр бұрын Абайы сынап кеткен қазақ елі баяғы кесірлі дертінен әлі арыла қоймаған, өкініштіңі де осы.

«Әке» әңгімесінде ауыл ақсақалы Күздібайдың Алматыдағы медициналық оқу орнында білім алып жатқан баласы «істі» болып милицияға түсіп қалады. Телеграмманы алысымен ақсақал тұра қалаға тартып отырады. Баласы Асқармен кездесін, істің мән-жайын білсе, аялдамада топталып тұрған 2-3 жіғіт автобус күтіп тұрған қызыға тиісе бастағанда Асқар араша түседі. Асқардың соққысынан әлгі бұзқылардың біреуінің тісі сиынп, сол жерде милиция келіп жеткенде Күздібай шалдың баласы кінәлі болып шыға келеді. Куәлік

беретін қыз қорыққанынан автобусқа отырып кетін қалған. Бұзакылардан қызды құтқарған Асқар енді «қылмысты» болып, окудан шығарылмақ. Тұқымында ен болмағанда осы баласының білім алуын қалаған ақсақал ұлының окудан шығып қалмауы үшін барын салады. Ақыры бұрындары қайтыс бол кеткен жолдасының қалада тұратын әнші қызы ректормен сөйлесіп, баласы оқуда қалатын болып шешіледі. Әңгіменің фабуласы осында.

Автор оқиғаларды баяндау барысында жылдан жылға адамдар арасындағы жоғалып бара жатқан кісілік жайттарды қозғайды. Үлкен қаланың тірлігі өзге түрлі өзінің туғанын бірі-біріне өтейсітіп жіберген. Жазушының бұл ойлары Күздібайдың ауылдасты Ибаділданың қалада тұратын қызы Балайымның үйине келгенде ақсақалды селсок қарсы алуы, өзінің туған баласы Асқардың бір қалада тұрса да таныстысқандармен қарым-қатынастан қол үзуі, т.б. тұстарда көрініп отырады. Алматыға келе жатқанда поезд күпесінде әлем-жәлем күйінен, өз тілінен макұрым қалған, білсе де әдайі сөйлемейтін, үлкенге құрмет көрсету, сыйлау әдебінен жаңылған, қысқаша айтқанда, бұрынғы ата тәрбиеден, дәстүрден ада қалған, тамырынан үзілген жана заман жастарын көрғенде Күздібайдың жеріні – автордың бүғіні заманға койған диагнозы.

«Дүние жарты» автографиялық әңгімесіне автордың халық батыры Бауыржан Момышұлының үйінде 1981 жылдың күнінде кездесуі, сондағы айтылған тарихи танымдағы, ұлтқа қатысты айтылған өзекті әңгімелері негіз болған. Алып батырдың сонау сұрапыл соғыс жылдарында қатірез жаумен қалай шайқасқанын, бойындағы азаматтық қасиеттерін, парасат пайымын, қайыспас ерлік мінездерін жазған Александр Бектің, Мәлік Ғабдуллиннің, Өзілхан Нұршайықовтың шығармаларынан, тағы да басқа ел арасына тараған бір жағы аңыз, бір жағы ақықат болып тараған естеліктерден жақсы білеміз. Бұл да сондай автордың жүрек төрінен орын алған, батыр жайында ел аузына тараған әңгімелердің өз аузынан естігендегі әсерлерінің көркемдік әлемге айналған жиынтығы.

Автор сол жылдары «Жалын» баспасында редактор болып қызмет атқарып жүргендегі Б.Момышұлының баспадан шықкан кітаптың сүйінші данасын өзіне көрсетуғе үйіне алып келеді.

«Бауыржан үйіне барған адамдарды сөздері жараспаса: «Кругом! Шагом марш!..» деп айдал шығады екен, ол кісінің тілін тауып сөйлесу қының қының көрінеді» деген секілді әңгімелердің талайын құлағым шалған мен, бір жағынан, бұл тапсырманы орындауға жүрексініп те тұрғандаймын» [2.9] деп тартынған әңгімеші шынында да көпшілік сактандырған айқай сөздерді естімессе де, кітаптың сыртқы мұқабасын көрғенде Бауыржан батырдың «Дрянь!» деп «көрі арыстанша гүр еткен» сөзін естуғе мәжбүр болады. Сөйтсе өзінің кітап құрастырудың байқамай жіберіп алған қателігі себеп болыпты.

«Мынау кім?! – деді менің ештеңенің байыбына бара алмай пұшайман болып отырғанымды аңғарған Момышұлы кітаптың сыртқы мұқабасында бейнеленген жауынгердің суретін сұқ саусағымен шұқып көрсетін жатып, от ұшқындаған еткір көздерін маған наизаша қадап.

...Солдат, – дедім мен Бауkenнің сұрағына онша түсінікіремей. Шынында да, кітаптың мұқабасында басына каска кийп, ишінін автомат асынған сарбаздың суреті бейнеленген болатын. – Солдат екенин өзім де көрін тұрмын, соқыр емеспін әзір, – деді Момышұлы менің жауабыма көңлі толмай. – Бұл немелерінің нәсілі кім деп сұрап тұрмын мен. Европалық па, азиялық па?» [2.9].

Кітапқа кірген шығармалардың қатесіз, сауатты, мінсіз болып шығуына көбірек көніл бөлғен редактор-автор, расында, мұқабадағы солдаттың кім екенине онша мән бере коймағанын мойындаиды.

«Мынауың тап-таза европалық, – деді осының түсінген қарт батыр. – Орыс па, поляк па, молдован ба – оның өзі білсін, әйтеуір қазақ емес. – Соңан соң қайтадан маған шүйлікті: – Ал осы кітапты қоз майын тауысып жазған және осындағы шығармалардың басты кейіпкерлерінің бірі ғвардия полковнігі Бауыржан Момышұлы кім?!

– Қазақ, – дедім енді-енді бірденелер миыма жете бастаған мен тұқшиынқырап кеткен еңсемді қайтадан тіктеп.

– Ендеше, неге азиялықтың, қазактың суретін салмайсындар?! Әлде қазақ, азиялық сендердің тақияларыңа тар келе ме?! Жаңа көрдім, суретшісі орыс екен» [2.9] – деген автордың өкінгенінен енді пайда болмасы анық. Кітап баспадан шығып кеткен. Бұл газет-журнал, кітап шығаратын баспа қызметкерлеріне ете жақсы таныс жағдай. Кейде мазмұнсыз, ойсыз жазылған макалаларды тақырыпқа сай таңдалған суреттер шырайын ашып, мінін жасырып, сапалы дүниеге айналдырып жіберетін де жағдайлар жиі кездеседі.

Бауыржан Момышұлының осы бір-екі ауыз сөзі-ақ орыстың астанасы Мәскеуді қорғаған батыр болса да өзі туған қазақ ұлтын жаңындағы сүйеттін асылы қасиетін даралап, отансүйіштік рухын дәлелдеп тұр.

Диалог арықарай әңгіме иссінің туып-өскен жері, шықкан тегіне қарай ойысып, ортасында қазактан шыққан әдебиет, мәдениет, өнер саласындағы талантты тұлға Темірбек Жұрленовпен рулас екендігі анықталып, оның ру, жүздің атын шығару үшін емес, дүйім қазақ жұртына ортақ атқарған ерен істері айтылады. Сөз ортасынды өнерлі тұлғаның өнегелі істерін үлғі ете отырып, авторды «Ал біздің қазірғі кейір бастықтар, басқаларды былай ысырып қойып, өз рулатын ғана коммунизмғе, рахатизмғе белемекші. Какая близорукость!.. Ақымақтық, басқа ештеңе емес. Негізі мына дүниені бұлдіретін сондай шолақбелсендерлер мен солардың жаңында жүретін жандайшап жағымпаздар. Сендер, жастар, осындейлардан атшаптырым аулақ жүрулерің керек» [2.9] – деп трайбализмдік үлкен дерттен сактандырады.

Әңгімеге әңгіме жалғасып, діни сауаты жоғары, шәкірт тәрбиелеген, одан басқа 1930 жылдардағы көмпескелеу, қолхоздастыру кезінде жергілікті халықтың мал-жанын торап алып, аш-жаланаш қалдырығанда орыстандыру саясатына қарсы топ құрып, сол тоptы басқарған Ақмырза бидің ерлік істері хақында болады. Тарихтағы ұлы ерліктер босқа қозғалып отырған жоқ, өйткені әңгімелешінің атасы Қани Қосымұлы Ақмырза биден ислам дінін парыздарын үйренген шәкірттерінің бірі болған екен. Қазіргі күні Ақмырза би туралы бірлі-жарымды тарихшылардың пікірі болмаса, ұмыт болып, зерттеуден жырақ қалғанына да қынжылысын байқатады автор.

Дөл осы жазушының өміріндегі тарихи кездесудің 1981 жылы орын алғанын айтып өттік. Қазақстанның өз еркімен Ресейдің құрамына қосылғанына тұра 250 жыл толған мерейтойды тойлау да осы автор мен алып батырдың кездесу сәтіне дөп келінти.

«Ал содан шыққан біздің мүйізіміз қайсы? – деді біраздан соң Баумен сабасына түсіп. – 1932 жылы айдын-күннің аманында тең жартымыз аштан қырылдық. Одан 37 мен 38-дің нәубеті. Енді кезек ұлттымыздың сүт бетіне шыққан қаймақтарына келді – қазактың жүз мыннан аса кілең жақсылары мен жайсандары, топ жарған кесемдері мен сөз ұстаған шешендері атылды, асылды, одан қалғандары Сібірдің лагерлерінде, түрмелерінде шіріді» [2.9]. Осыны айтып, жан-жүйесі сырқыраған алып батыр арада 6-7 ай өткенде 1982 жылдың 10-маусымында дүние салады. Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығын тойлауға екі күн қалғанда қазактың халық батыры Бауыржан Момышұлы қаза табады. Өлерінің алдында ескертпе ретінде қалдырыған батырдың мына сөзінің: «Беспечность, трусость нации в конце концов приводит к ее гибели. Неужели так трудно понять вот такую очень простую истину!» [2.9] шындығына осы уақытқа дейін жете алмай, түсініміз келсе де түсіне алмай келе жатқанымыз анық.

Байқағанымыздай, Серік Асылбекұлының әңгімелері өзінің ұлттық бояуының қанықтылығымен, қазактың ұлттық мінезі, ұлттық болмысы, ұлттық рухы сияқты ірі категорияларды қамтуымен де көпшілік оқырманның есінде сакталды.

«Адам баласына екі нәрсе жат емес, ол – құстың қос қанаты сияқты, өнер мен ғылым. Өнер дүниенің шындығын образдар арқылы бейнелесе, ғылым оны логикалық пайымдаулар арқылы жеткізеді. Екеуі бір-бірін толықтырып жатады. Өнер, бейнелеп айтсақ, халықтың жүрөгі сияқты, ал, ғылым – халықтың ақыл-ойы». Бұл – «Әдебиет, ен бірінші, ол – өнер» (<http://almaty-akshamv.kz>) деп бағалайтын Серік Асылбекұлының жазушы, ғалым ретіндеғі ойы. Байқағанымыздай, жазушының қаламынан туған кез келген шығармасының басты көркемдігі оның шындығы мен шынайтылығында жатады.

ӘДЕБІЕТТЕР

- 1 Асылбекұлы С. Шыгармалары. – Астана: Фолиант, 2008. – Т.2. – 416 б.
- 2 Асылбекұлы С. Дүние жарты // Қазақ адебиеті. – 2015. – №10. – 13 наурыз. – Б.9
- 3 Бердібай Р. Ел боламыз десек... – Алматы: Қазақстан, 2000. – 400 б.
- 4 Нұргалиев Р. Әдеби тұлға. Телагыс. Әдеби дәстүр мен адеби даму: Монография. Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
- 5 Ибрагимова У. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері (2000-2008 жылдар). Канд.дисс. – 2010. – 132 б.

REFERENCES

- 1 Asylbekuly S. Shygarmalary. – Astana: Foliyant, 2008. – T.2. – 416 b.
- 2 Asylbekuly S. Dunie zharty // Qazaq adebiyeti. – 2015. – №10. – 13 nauryz. – b.9
- 3 Berdibay R. El bolamyz desek... – Almaty: Kazakhstan, 2000. – 400 b.
- 4 Nurgaliyev R. Adebi tulga. Telagys. Adebi dastur men adebi damu: Monographiya. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 440 b.
- 5 Ibragimova U. Qazirgi qazaq angimeleriniн korkemdirik erekshelikteri (2000-2008 zhyldar). Kand.diss. – 2010. – 132 b.

ӘОЖ: 821.512.122-3

ПРОБЛЕМАТИКА РАССКАЗОВ СЕРИКА АСЫЛБЕКУЛЫ

Г.Ж. Орда¹, А.М.Ахметова²

Доктор филологических наук, Главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.Ауэзова;
Магистр гуманитарных наук, младший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.Ауэзова

Ключевые слова: художественная литература, рассказ, писатель, независимость, сюжет, герой, идея, тема.

Аннотация. В статье авторы проводят литературоведческий анализ рассказов, не ставших ранее объектом исследования писателя Серика Асылбекулы: «Отец», «Отвести душу», «Мимолетное счастье». Через использованные в исследовании сравнения, научную систематизацию, художественные приемы раскрыты образы персонажей. Наряду с этим рассматриваются поднятые в опубликованном в период независимости рассказе проблемы, идеально-содержательные особенности, новые художественные поиски писателя в малом жанре.

Поступила 25.04.2016 г.